Мемлекеттік сатып алудың негіздемесі
Бір көзден алу тәсілімен шартты тікелей жасасу жолымен мемлекеттік сатып алу туралы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауынан үзінді "Әділ мемлекет. Біртұтас ұлт. Гүлденген қоғам", 1-тарау жаңа экономикалық саясат: - " Мемлекеттік сатып алудың сапалы жаңа жүйесін құру керек. Ең төменгі баға емес, сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің сапасы басымдыққа ие болуы керек».

2022 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде тауарлар мен қызметтер баға ұсыныстарын сұрату, ашық конкурс арқылы сатып алынды, тәжірибе сатып алынған тауарлар мен қызметтердің сапасыз екенін көрсетті, бұл туралы Мемлекет басшысы өз Жолдауында атап өтті.

Көбінесе бір реттік және ай сайынғы қызметтерді көрсететін өнім берушілер байланысқа шықпайды, қызметтерді үзіліспен көрсетті, сапасыз тауарларды жеткізіп, сол арқылы мемлекеттік кәсіпорындарға, мекемелерге және жалпы мемлекетке зиян келтіреді, өйткені мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер мемлекет атынан шығып отыр. Тауарлар мен қызметтердің төмен бағалары мен сапасының төмендігі нәтижесінде мемлекеттік сатып алулар туралы шарттар бұзылып, жаңа сатып алу рәсімдері жүргізілді, бұл өз кезегінде мемлекеттік саясаттың күткен нәтижелеріне әкелмеді. Қайта сатып алулар процесстері мерзімдердің кешігуіне және қаражаттың игерілмеуіне әкелді, бұл рейтингтерге, заттық және материалдық емес нәтижелерге ие болған тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға теріс әсер етті. Аз сомаға сатып алу сапасыз және жосықсыз өнім берушілердің көбеюіне, сондай-ақ қажетсіз әкімшілік істердің туындауына алып келді. Салық және есеп саясатын әзірлеу және құрастыру үшін сапалы әрі уақытылы қызмет алу мақсатында шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден сатып алу таңдалды.

Осыған байланысты, Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру мақсатында және "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII Заңының 5-бабы 1-тармағының 1-тармақшасының негізінде ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау мақсатында, оның ішінде көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасының арақатынасын қамтамасыз ету жолымен Салық және есеп саясатын әзірлеу және құру жөніндегі қызметтерін мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден сатып алу туралы шешім қабылданды.

Директор		**А.Т. Хамитова**
Бас есепші	29.08.25.	**С.К. Бакитжанова**
Мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджер		**Ш.Х. Әлиева**